


Сабақ тақырыбы:

«Дарынды және талантты балаларды оқыту»

Жалпы мақсат:


Мұғалімдерге «Талантты» және «дарынды» балалар туралы түсінік бере отырып, өздеріне талантты және дарынды оқушылардың моделін жасату.





№1-тапсырма
Түрткі сұрақ
(10 мин)

Көрсетілген бейнежазбадан қандай ой түйдіңіз? Не байқадыңыз?



Тарихи шолу

Соңғы отыз жылда «дарынды» және «талантты» деген ұғымдар басқаша түсініліп жүр. Бұл өзгерістерге 1972 жылы Құрама Штаттардың Білім басқармаларына ұсынылған Marland есебі түрткі болды. Аталған есеп АҚШ-тағы дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу жеткілікті қамтамасыз етілмегендігін көрсетті. Есепті қорытындылай келе, АҚШ-тағы дарынды және талантты балалар «жоғала бастағаны», сондықтан олар қалыпты жұмыс істеу мүмкіндігінен мәңгіге айрылу қаупі бар екені белгілі болған, бұл осы проблеманы басқа проблемамен – мүмкіндігі шектеулі балалардың ауыр ахуалымен теңестіретін. Кейінгі зерттеулер көрсеткендей, дарынды және талантты балалар басынан кешетін көптеген эмоциялық және әлеуметтік қиындықтарды жоюға болады, ол үшін олардың деңгейі мен оқу қарқынына бейімделген әрі келісілген оқу ортасы болу қажет (Neihart et al., 2002).

Дарынды және талантты оқушылар ерекше қажеттіліктері бар балалар ретінде зерттелуі тиіс екендігін мойындаумен қатар, «дарынды» және «талантты» деген сәттарды анықтауда жалғыз аспектіліктен көп аспектілікке қарай ойысу орын алды. Дарындылар мен таланттылардың жалғыз аспектілік анықтамасы бір ғана критерийге негізделеді – зият деңгейі және оның IQ балдары негізінде анықталуы. Әдетте, мұндай тәсіл оқушылардың жалпы санынан дарындылық пен таланттың аздаған пайызына дейін (шамамен 1-ден 3 пайызға дейін) анықтауға мүмкіндік бере алмайды. Ал көп аспектілі анықтамалар көптеген критерийлерге негізделеді және кешенді тәсіл қолданады, бұл ерекше қабілетті оқушылардың жалпы санынан анағұрлым жоғары пайызды (мәселен, 10-нан 15 пайызға дейін) анықтай алады. Заманауи анықтамалар оқушылардың кез келген пайызын дарынды немесе талантты деп бөлуден қашқақтайды, өйткені осы түсініктерге байланысты өлшемдерді түсінуде әр мектептің ұстанымы әртүрлі болып отыр.

Ренцулли (1978) дарындылықты адами қасиеттердің үш негізгі тобының өзара әрекеттестігі негізінде нақты анықтады:

- қабілеттері ортадан жоғары;
- тапсырмаға жоғары деңгейде беріліп орындау;
- жоғары деңгейлі шығармашылық.

№2-тапсырма
Топтық жұмыс
(30 мин)

Дарынды баланы қалай сипаттайсыз?



Макэлпайн мен Рид (1996) дарынды және талантты оқушылардың мінез-құлықтарының пайдалы тізімін жасап ұсынды. Шындығында, бірде бір дарынды оқушы келтірілген сипаттамалардың барлығына ие бола бермейді: олар барлығына да ие болуы мүмкін немесе бір санаттағы барлық сипаттамаларға сәйкес болып, бірақ басқасында «аксауы» мүмкін.

Дарынды және талантты оқушылардың қалай оқитынының сипаттамасы:

- Логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған.
- Заңдылық пен өзара байланысты тез анықтайды.
- Ақпараттарды шұғыл өңдейді.
- Проблемаларды нақты және дұрыс шешуге ұмтылады.
- Түйінді қағидаттарды жеңіл игереді.
- Зияткерлік тапсырмаларды ұнатады.
- Оқудың жекелеген кезеңдерін аттап өтеді.
- Проблемаларды қайта қарауға ұмтылады, идеялар ұсынып, болжам жасайды.
- Проблемаларды анықтайды және шешеді.
- Барлығына талдау жасайды.
- Идеяларды тұжырымдап, дәлелдермен айғақтайды.
- Кең ауқымды білімді пайдалана алады.
- Пікірлер айтуда тәуелсіз және «неге», «қалай» деген сұрақ қойып, жаңалық ашуға ұмтылады.

№3 тапсырма
Топтық жұмыс
(8 мин)
5 минутта 5идея әдісі

Сұрақ
-Дарынды баланы дамыту үшін
қандай жұмыстар жасаймыз?



№4тапсырма

“Менің атым Қожа” фильмінен үзінді көрсету.

**Сіздіңше, Қожа қандай бала?
Қожаның болашағын қалай
елестетер едіңіз? Сұлтан секілді
оқушылардың шырағын жаға
алып жүрсіз бе, әлде.....**

